

Біріңіз тұтқан  
Тоқан Хазірет




*«Тоқацның ғылым-айналасы жартас, сауаты жоқ,  
терең қара су сияқты... »*

*Мәшһүр-Жүсіп Көпеев*

*("Заманымызда болған*

*ғұламалардың ғұмыр тарихтары.*

*Садуақас Ғылмани.", II басылым, I том, 94 бет)*



*"Круг знаний Токана, словно обрывистая скала над  
бездной темной воды... " Мәшһүр-Жүсіп Көпеев*

*Мұрат Абдрахманов*

*Сайлаубек Байболов*

*Қайролла Тақтыбаев*

# *ЕЛІ ПІР ТҰТҚАН ТОҚАН ХАЗІРЕТ*



## *Аңдатпа*

*Ел аузында сақталған естеліктер, қолжазбалар, қағазға түсірілген шежіре – сызбалар, суреттер. Тоқан хазіретке тағзым етіп келгендердің ризашылығы мен бата-тілектері.*

*Астана 2016*

## АЛҒЫСӨЗ

Тоқмағанбет Домаұлы – Тоқан хазірет (1851-1916) Ереймен өңірінде есімі аңызға айналған ерек тұлға. Өмірден өткеніне бір ғасыр толса да, есімі ел жадынан өшкен жоқ. Қайта Тәуелсіздік таңымен жаңғыра түсті. Өйткені ол барлық саналы ғұмырын туған халқын ислам діні шапағатына бөлеп, оның рухани және адами болмысын жетілдіре түсуге сарп етті. Сындарлы шақтарда Ақбоз атымен алға озып, ел-жұртына жөн сілтеді. Ел мүддесін өз арман-тілегінен жоғары қойды. Олай болмаса, оны ұлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ардақ тұтып, әйгілі ақын Олжабай Нұралыұлы «өлігі артық тіріден» деп жырға қосар ма еді?! Бүгінгі ұрпақтар санасында да ол туған халқын баяғы сол ақ қанатты пырағының арқасында ұшқан құспен жарыса самғап, шамшырақтай жарқырап, ақадал жолға бастай бермек.

Сондықтан Тоқан хазірет есімі тек ауызекі тілде ғана емес, қандастарының жүрегіне мәңгі ұялап, ұлт тарихына алтын әріппен жазылып қалуы тиіс деп білеміз. Әлбетте, бұны Тәңіріміз жаратқан осы тылсым дүниенің құпия сырын терең түсініп, оны мүмкіндігінше, ел игілігіне пайдалана білген абзал жанның әруағы алдындағы парызымыз деп түсінген жөн болар. Сондықтан көріпкел жайында небір соны әңгімелерді жадында немесе жазба дерек көздерінде сақтаған адамдар қазірде де, кейінірек болса да оларды жарыққа шығарып, ел игілігіне ұсынса, нұр үстіне

нұр болмақ. Осы пікірді басшылыққа алып, өткен заманнан бастап көзінің тірісінде әулие, көріпкел деп аталған қасиетті баба жайында кітап жазып шығару үшін материал жинақтай бастадық. Әуел бастан бұл мақсатты шараның басы-қасында Хазіреттің аталас туысқаны Сайлаубек Дүйсенбекұлы Байболов пен шөбересі Қайролла Әсетұлы Тақтыбаев болды.

Алайда жұмыс барысында бұның оңай шаруа емес екеніне көзіміз жетті. Басты қиындық - Хазіреттің өзі жазып қалдырған бірде-бір дерек көзінің қолда жоқтығынан туындады. Ал олардың өмірде мүлде болмауы мүмкін емес деп ойлаймыз. Өйткені жүрген жеріне нұрын төккен ғұлама ғалымның кейінгілерге өзінің нақыл сөздерін, ойтолғамдарын қалдырмауы мүмкін емес қой. Ондай құндылықтардың «қызыл империя» дәуіріндегі дінге деген солақай саясат салдарынан ғайыпқа кеткенін қазірде егде тартқан үлкендер жақсы біледі. Алайда, «Ғалымның хаты өлмейді, ұстаздың аты өлмейді» дегендей, Хазіреттің ел жүрегінде хатталып бізге жеткен баға жетпес асыл мұрасын жарыққа шығарып, қилы кезеңде таяныш, жұбаныш, салауаттық аңсаған төл жұртына жеткізуді міндет санадық.

Ойға алған іс-әрекетімізді жүзеге асыру үшін біз:

1) ең алдымен, ел аузында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен біршама материалды ретінше жинақтап, баспаға дайындауды қолға алдық. Олардың ішінде белгілі қоғам қайраткері Сайлаубек

Байболовтың - 4, журналист Жанат Түгелбаевтың – 2, Ереймен мешітінің имамы Орал қажының, осы аудандағы Торғай орта мектебінің директоры Жеңіс Бөдешев пен «Қойтас» ауылының көкірегі ояу қариясы Мағжан Нығметұлының, Тасмағанбет Тәлімов (марқұм) атамыздың бір-бірден материалдары бар;

2) екінші кезекте колда бар деректі, документальды құралдарды жөнімен сараптап, ретінше пайдалануға тырыстық. Бұл орайда бәрінен құндысы деп 1994 жылғы маусымның 18 күнгі Хазірет бейітінің басында түсірілген бейнематериалды айтар едік. Сондағы Ереймен өңірінің кәрі-жасы, еркек-әйелінің баба жайындағы естелік сөздері енді ел шежіресінде қалары хақ. Сондай-ақ бұл ретке Тоқанның үлкен ұлы Ақажан халфенің мәйіті жатқан Омбы губерниясы Тукала (ор.Тюкала) ауданының Қожа ауылынан түсіріп әкелген көрнекі материалдарды жатқызуға болады;

3) бұдан кейінгі деректі мәліметтер Хазірет аруағына арнайы тәу етуге келгендер мен оның басына түнеп ерекше шипагерік қасиетінің әсерімен сауығып қайтқан жандардың жазбаларынан алынды.

Тоқан Хазіреттің өскіндерді ислам өркениетіне тартып, білім-ғылымға құштарлығын дамытудағы еліне сіңірген еңбегі ерекше деп жоғарыда айтқан едік. Осы түйіндеме пікірімізді Сәкен халфенің төл ұрпағы Үкіжан апайдың кітапқа енген ойтолғамдары да толықтыра түсті дер едім. Сөз соңында біздің өтінішіміз бойынша жинақ мазмұнымен танысып,

оған оң пікір білдірген Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессоры, филология ғылымының докторы Дихан Қамзабекұлына, оны жарыққа шығаруға қол ұшын берген Алтынбек Қазбекұлы сынды мәрт азаматтарға үлкен рақметімізді айтып, шын ниеттен ризашылығымызды білдіреміз.

Мұрат Мұсайбекұлы Абдрахманов,  
Қазақстан Республикасы  
Журналистер Одағының мүшесі

Тоқан Хазіреттің бейітінің қасындағы үй салғаннан кейін құдайыға жиналғандар айтқан сөздері.

18.06.1994 жылы Тоқан хазіреттің бейіт басында оның шөбересі Қайролла Әсетұлы мен Омбы жақта тұратын туыстары келушілер түнейтін үй салып, Ереймен ауданындағы ақсақалдарды, лауазымды адамдарды, шақырып ас берді. Жиналған жұрт риза болып, Тоқан хазіретті еске алып, оның қасиеттері туралы естеліктерін айтты.

Бірінші сөз Зейкен Құтпанұлы ағаға берді:

-осы жиналған жамағатқа Әтиатынан ризашылығымды білдіріп, қадамдарың құтты болсын, балаларыңызға бақыт тілеймін. Енді мына қасымда тұрған Тоқан хазіреттің шөбересіне Қайролла Әсетұлына, оның туыстарына осында келушілерге Тоқан хазіретке әдейі келіп құран бағыштайтын адамдарға үй салып, төсек-орын, ыдыс-аяқ әкеліп, тіпті қысты күні жағатын пешін қойғанына көп рахметімді айтамын.

Тоқан хазірет 65 жасында, 1916 жылы дүние салды. Ол кісі туралы ел ауызында көп әңгімелер айтылады. Бәріміз білеміз, Тоқан хазірет Мәшһүр Жүсіппен қатты дос болды. Бір күні оның руласы сүйіндік Секербай деген кісі Мәшекеңнен сұрайды екен – осы Тоқан хазірет соншалық кім екен, оны тіпті аяғын жерге тигізбей, барған жерде аттан кілемге отырғызып үйге кіргізеді? – дегенде Мәшһүр Жүсіп – сендер байқап сөйлеңдер, ауыз-мұрындарың қисайып қалмасын. Тоқан хазіретпен ойнамаңдар.



«Мен Мәшһүр жүсіп елге Мәшһүр қария болсын дегені, мен медреседен оқығам, ал Тоқан хазірет— «Алладан үйренді» - депті.

Тоқан хазірет айтқан сөздері:

- Өтірік айтпау керек;
- Қисық сөз сөйлемей керек;
- Инабаттылық болу керек;
- Үлкенді сыйлау керек, тағы да осындай ақылды айтқан сөздер бәрі заңды, бізге сабақ болып жатыр.
- Енді айтайын дегенім, осы отырған қауым қарсы болмайтын шығар. Ерейменнің мешітіне – Тоқан хазіреттің аты берілсе екен. Ол кісінің қасиеттері туралы осы отырған ақсақалдар айтатын шығар.

Екінші сөз Бозтал ауылының ақсақалы Ғибратқа беріледі.

Бүгінгі жиналған қауымға Тоқан хазіреттің шарапаты тисін. Біздің Қанжығалы руынан Тоқан хазіреттей, ал Сүйіндік руынан Мәшһүр Жүсіптей артық азаматтар бұрын заманда болған шығар, бірақ осы заманда олар ерекше деп айтуға болады. Олар сондай дос болған, бір-біріне қонаққа келіп жүретін. Бір күні М.Жүсіп Тоқанға қонақтап келгенде оның насыбайы бітіп қалады. Тоқан хазірет өзінің ақбоз атына мініп Айдос деген насыбай ататын азаматқа барып, жағдайын айтып, бар насыбайын сұрапты. Ол кісі Мәшекен насыбай атады дегенін есітіп, таң қалып, - «бұл қалай, молла болған адам тазалық ұстау керек емес пе»? – деп сұрайды. Сонда Тоқанның сөзі: «Жұрттың

бәрі Мәшһүр бола ма?» - деген екен.

Келесі жолы Тоқан хазірет Мәшһүр ауылына бара жатқанда сол ауылдың білікті бір азаматы қайтыс болған екен, соны сезіп аттан түсіп аят оқыпты. Кейін Мәшһүр ауылына келіп, құшақтасып амандасқаннан кейін Тоқан хазірет: жаңа жолда келе жатқанда оң жақта осындай кісінің (атын айтады) мәйітін қойды, мен түсіп аят оқығанмын, ол қалай болады, - дегенде, Мәшекең былай дейді: «Сіз аятты періштеге оқыдыңыз, періште кімге берсе, соған берсін», - депті.

Келесі сөз Ерейментаудан келген Хасенов Балкенге берілді.

1967 жылы мен Өлеңті шаруашылығында уәкіл болдым. Бөлім меңгерушісі Зияда болды. Егінді жинап болған кез еді, енді үйге қайтам дегенде облыстан Әлібаев деген обком бюросының мүшесін біздің ауданға тексеруге жіберіпті (шопандардың халы қалай, қысқа дайындық қалай дегендей), сол кісіге осындай уәкілді табасың, сонымен бірге шопандардың қыстауларын аралайсың деп жіберіпті. Әлібаев мені тапты, тексеретін жерлерге бардық, енді Ерейментау жаққа бара жатқанда бір кигіз үйді көрдік, жақындасқан кезде қарсымызға бір кісі шықты: «Қош келдіңіз» - деп қарсы алды. Мен жылда осы жерге қыстауға келіп жүрмін, бірақ әулиелі бабамыз жанында міндетті түрде тоқтап, үй тігіп, мал сойып бата береміз. Төрлетіңіз, дәл келдіңіз, етіміз пісіп тұр. Біз қолымызды жуып отырдық. Әлібаевқа

бас ұсынды, ас ішкеннен кейін құран оқылды, енді соңында бәрі қол жайып, Алла әкпар дегенде Әлібаев қолын да жайған жоқ, оған қарап, мен де отыра бердім (ішімнен ойладым, қазір қол жайсам – ертең бюроға шақырып жұмыстан шығарады, үйткені сондай уақыт болды). Ал шай ішкеннен кейін ас қайтарғанда мен бетімді сипадым (не болса ол болсын деп). Содан кейін Әлібаев –жүр, кеттік – деді. Үйдің иесі: «Қайда барасыз, түнеп шығыңыз, бәрібір 40 қадамнан асып баралмайсыз», - деді. Әлібаев сөзіне мән бермей – «кеттік!» - деді. Амал жоқ, жол жүріп кеттік, бірақ көп ұзамай машинаның доңғалағы суырдың ініне кіріп кетті де не істерімізді білмей тұрып қалдық. Шофер балада шелек те болмай етегімізге жинап тастар әкеліп доңғалақ астына салсақ та, ештеме одан шыққан жоқ. Сол мерзімде қараңғы да түсіп қалды.. Сонда Әлібаев жаңа шопанның үйі осы жерде деп еді, соған барып қонайық, барып біліп кел, қай жерде өзі, деп маған ұсыныс жасады. Сонда шыдамай айттым ғой: «Жаңа дастарханда отырып, сіресіп қолыңызды жаймдыңыз ғой, енді үй иесі қонып қалыңыз дегенде оның сөзіне мән бермедіңіз, сізді қалай түсінуге болады, енді –бар, біліп кел» - дейсіз... Амал жоқ, барып келдім, олар қыстауына жеткен екен, сонда – жарайды, келіңіз деп, -тағы үйіне кіргізді. Тәңертен, машинамыз өзінен өзі жүріп кетті, не деген ғажап...

Келесі сөз Майдан қажыға берілді. – Ол кісі амандасып, тілектерін айтты. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» -дейді, ғой. Мен күнде бес намазымда

Тоқан хазіретті еске түсірем, әдейілеп құран оқыймын. Менің тілегім - ұрпақтарымыз жапырақтай жайнай берсін, аман болсын, ал әйелдерге айтатыным – қашан болса да таза жүріңіз, балаларды жақсы тәрбиелеңіз, еліміз ел болып қалсын, қадамдарың сауаптан болсын.

Келесі сөз «Жарық» ауылынан Темірғалиге берілді. Ағамыз жұртпен амандасып былай деді: - Осындай Тоқан хазірет сияқты адамдар менімше 100 жылда, 1000 жылда осы дүниеге келеді. Сіздің уақытыңызды көп алмай тек өзім куә болған, сол кісінің әулиелігі, қасиеті, тіпті жатқан топырағының өзінің қасиеттілігінің айтам деген едім.

Осы жерде «Жарық» деген ауылда жас жігіт ауырып қалды, сонда біреу: «Тоқан хазіреттің бейітіне барып құран оқып кел», -депті. Сол жігіт айтқандай, бейіт басына барып, қонып, құран оқып, үйге қайтқаннан кейін жазылып кетті, қазір жұмыс істеп жүр.

Екіншіден өзімнің балдызым жас кезінде тұрмысқа шығып, бала тапқаннан кейін қатты ауырып қалды, сонда атасы оны осы жерге әкеліп, қондырып, құран бағышлап, содан кейін тәуір болды.

Ендігі айтатыным, өзімнің жолдасым Қарағанды ауруханасында жаман аурумен түскенде, дәрігерлер емдеген болып, енді үйге алып кетем дегенде, маған:«Сіз оны үйге де жеткізе алмайсыз» - деді. Сонда да мен үйге жеткіздім, содан кейін атам, өзі осы жерге келіп, құран оқып, топырағын алып,

суға салып, сол суды жолдасыма ішкізді...Құдайға шүкір, әйелім осы күнге дейін аман-сау қасымда жүріп жатыр...

Келесі сөз Сайлаубек Байболовқа берілді:

Құрметті халайық, құрметті туыстар, бүгін атамыздың ұрпақтары ұйымдастырып бүкіл халық болып қолдап, ақ ниетімізден аудан, аймақтардан, облысымыздан ат шаптырып келіп отырмыз, барлығымыздың ниетіміз ақ, атамыздың әулиелігін барлығымыз түсініп, бүгін тағы бір біріміздің жүзімізге қарап жақсы ниетімізді айтып отырмыз.

Негізі ғалымымызды ғалым деп, батырымызды –батыр деп азаматымызды-азамат деп айтып кастерлесек, сонда елдің елдігі күшейеді, азаматтарымыз күшейеді. Содан да бүгін Токан хазірет атамызды еске алып отырмыз, ол кісінің қайтыс болғанына 80-жылдай, ал туғанына – 150 жылдай болды. Бірақ халықтың ойында, жүрегінде әлі де сақталып жүр, ол біздің ата-бабамыздың айтып жүрген сөздері. Менің есімде әкем мен шешем айтып жүрген сөздері сақталып қалған. 1916 жыл біздің қазақтарға өте ауыр жыл болды, жастарды әскерге алып кетіп, қара жұмысқа салып. Сонда ел азаматтары Токан хазіретке барып ақыл сұрайды екен, мұндай жағдайдан қалай шығамыз, дегендей. Сонда Токан хазірет: Қандай ауыр болса да, бұл жағдайдан шығарсыздыр ғой... Ол кісінің бар ойлағаны – елдің бірлігі, құдайға құлшылық ету. Бірлікке шақырғаны ол кітапқа жазылмаса да халықтың жүрегінде сақталып

қалды.

Бүгінгі айтылған тілектер қабыл болсын, осы кісінің өсиеттерін келесі ұрпаққа жеткізе берейік, айтқан ақ ниет сөздеріңіз қабыл болсын.

Келесі сөз Олжабай ауылынан Рахметаевқа беріледі.

Тоқан хазіреттің қасиеттерін бірін айтайын деп тұрмын. Ол кісінің Иман деген туысы өзінде жылқы бағып жүреді. Бір түнде, ай жарық, Иман жырым жасаймын деп айғырдың құйрығын ұстап жұлып алам дегенде біреу қатты айғайлаған, сонда қорыққаннан айғырдың құйрығын жіберіп, айналып жан жаққа қараса – ай жарық, манайда ешкім жоқ, айғыр қашып кетіпті.... Бұл не болды деп, көптен есін жинай алмай тұрады. Келесі күні Тоқан хазірет Иманды үйге шақырып алып: «Ия, хал қалай – деп сұрағанда, Иман түндегі болған уақиғаны айтып береді. Сонда Тоқан хазірет шашынан жұлып, қалай, ауыра ма? – деп сұрағанда, «ой-бай, тақсыр, ауырады ғой», - деп айғайлады. – «Ә, солай ма? Онда айғырдың да құйрығы солай ауырды ғой, оны жұлғанша пышақпен кесіп алмадың ба»- депті.

Тоқан хазіреттің жатқан жері торқа болсын, барлығыңыға зор денсаулық тілейміз.

Келесі сөз «Күншалғаннан» келген Қаудыр ағамызға береміз.

Осы Найзатас деген жерде (осыдан алты шақырым жер) Секен деген азамат інісімен тұрды. Бір күні інісіне: -«Кілемді шығаршы, Тоқан хазірет бізге

келе жатыр»-депті. Көп ұзамай, расында да ақбоз атпен Тоқан хазірет келеді. Амандасып, аттан кілемге отырғызып үйге кіргізгеннен кейін, Тоқан хазірет – «Әй, Секен, сен қайдан білдің менің келетінімді, тіпті кілемді далаға шығарып дайындап қойыпсың ғой, өзінде бір қасиеттілігің бар екен», - депті. Сол Секен ашаршылық 1932 жыл ы өз ауылынды аштан қайтты...

Қорытынды сөзінде Қайролла Әсетұлы жиналғандарға ризашылығын білдірді. Тоқан ата халықтан шығып, хадықының есінде сақталуда. Ол кісінің ерекше қасиеттері келушілердің саулығына әсер ете берсін деп тілегін айтты.

## ҰЛЫ АТАМ ТОҚАН ХАЗІРЕТ

Қазақ халқының ұлыстық құрылымындағы ең ірі де іргелісі саналатын Арғын тайпасының ішіндегі Қанжығалы руының алар орны айрықша. Арғы түптерінен тарата айтпағанның өзінде, ісі қазақ жұртына танымал тұлғалар бергінде де аз болмағандығы тарихтан да, ел ішіндегі кеңінен таралған шежірелі деректерден де жақсы мәлім. Солардың бірі – менің арғы атам болып келетін Тоқан хазірет. Бұдан екі жыл бұрын, яғни 2014 жылы алдағы 2016 жылы қайтқанына 100 жыл толатындығына байланысты қабірінің басына ескерткіштік тұғырлы белгі орнату мақсатында зиярат жасау кезінде, елдің көзі қарақты ақсақалдары Алланың рахымына бөленген, жаратылысы ерек тұлға жайлы кітап жазу ұйғарымына келген болатын. Замана ағысы, уақыт ағымы мен ауаны тоқтаусыз ілгері жылжып, өткеннің көбін көлеңкелей көзден таса қыла бастағанымен, хазрет жайындағы айтылар естелікті есті сөздер халықтың жадынан да, санасынан да өшпей, қайтқанына бір ғасыр артқа салынса да, оның тұлғасы бір саты аласармай, керісінше асқақтап биіктеп барады. Мұны оны қасиетті әулиелер санатына жатқызып, басына зиярат етіп баратын адамдар қарасынының қазіргі кезде де қатарлары молайып келе жатқандығынан аңғаруға болады.

Мен өзім, Қайролла Әсетұлы Тақтыбаев, жас жағынан бүгінде зейнеткермін әрі халық арасында айрықша



құрметке бөленген осы бір жаратылысы ерекше адамның төртінші ұрпағы – шөбересі болғандықтан, өзімнің қарым-қабілетіме қарай елдің беделді азаматтары қолға алған жоғарыда аталған игілікті іске өз үлесімді қоссам деген ниетті ұстандым. Жалпы алғанда менің жұмысымның әдебиет саласына мүлде қатысы жоқ, өйткені мамандығым - кен инженері-механик. Сондықтан бүкіл еңбек жолым көмір өндірісімен байланысты болды, Екібастұз көмір бассейнінің разрездерінде жұмысшыдан бастап бұрғылау-қопару жұмыстарының аға механигі сатысына дейінгі қызмет баспалдақтарымен өрілді.

Кеңес Одағы күйреп, аласапырандылық орын алып, ел не істерін білмей абдырап қалған тұста, өмірден өз орнымды табу, тіршілік қамын жасау үшін кәсіпкерлікпен айналысуыма тура келді.

Ал қолыма қалам алуға ақсақалдардың ақыл-кеңесі ғана емес, мына бір тыңнан қолға алынған оң іске мен де кірісейін, есімі аңызға айналған тұлғаның шынайы бейнесін біршама нақтылы ашып көрсетейін деген ішкі түйсік те себепші болды.

Осы істің қаншалықты қажет әрі қаншалықты қиын екендігі мен айтпасам да түсінікті. Өйткені менің қолымда хатқа түсіріліп, қағазға жазылған нақтылы деректер жоқтың қасы. Бұл араға ғасыр салған, өткеннің бәрінің тамырынан қол үздірген кеңестік заманның қамсаулы ұстанымның салдары.

Бізге белгілісі – Тоқан хазірет (ел іші Әти атап кеткен) 1851 жылы туып, елді алағайдай бүлдірген

ұлы дүрбелеңнің қарасаңында 1916 жылдың қазан айында қайтқан. Ақ пен қызыл майдандасуы, соғыс, жазықсыз жала жауып жазалау, жеке басқа табыну, Қазақстан халқының үштен бірін қынадай қырып, сүйектерін ақжем етіп жонға шашқан қолдан жасалған аштық халқымыздың өткенін есте сақтауы былай тұрсын, түп тамырларының кімнен екендігін де санадан өшіріп жіберді. Бірақ осындай бастарынан қаншалықты нәубетті кешірсе де, өртеңге шыққан өскіндей, елдің ес жинаған естілері өскен жұртын, ата-тегін жадында сақтап, өздерінен тараған кейінгі буынға, олардан біздерге шежірелі сақбақтастық етіп аманаттап тапсырып кетті.

Хазіреттің өз буынынан үш ұл және бір қыз тарайды. Барлық балалары дерлік өзінің көзі тірісінде шаңырақ көтеріп, тек кенжесі Әбілжаппар 1920-шы жылдардың аяғына таман менің әжем Айтжамалға (Шәужанға) үйленген, осы некеден 1930 жылы менің әкем Әсетолла туған.

Әлеуметтік ортадағы алатын орындарына, өткен ғасырдың басындағы аласапыранды тарихи кезеңдерге, қуғын мен сүргінге, атеизм – құдайсыз қоғамның «ақ дегені - алғыс, қара дегені – қарғыс» болған тар жол, тайғақ кешулерге байланысты Әтиіміздің балаларының тағдырлары да әрқилы қалыптасты.

1930 жылы хазіреттің үш ұлы өздеріне керекті ең қажеттілерді ғана қолдарына алып, кіндік кескен туған жерлерін тастап бір түнде қараңғылық құшағын

жамыла елден қашып шықты. Алайда кетерлерінде барлық қасиетті сөздер жазылған қағаздары мен қолжазбаларын Әтидің зиратының оң жағына, басына таман тұсқа көміп кетті. Қазіргі кезде сол қазылған шұңқырдың орны көрініп тұр. Тегі халықтың аузында сақталған, бірден бірге жеткізген айтуларға қарағанда, Торғай қонысы жағынан әлдебіреу марқұмның басына Құран оқып, жасырылған кітаптар мен қолжазбаларды алып кеткен болса керек. Алайда күні осы уақытқа дейін сол қолжазбалардың кімнің қолында кеткендігі, кімде екендігі белгісіз күйінде қалып келеді.

Әтидің үш ұлының ішінде кенжесі Әбілжаппардың өмірі қысқа болды.. Ол 1930 жылдардың басында өте жас кезінде қайтқан. Сүйегі Омбы облысы Одесса ауданындағы Көктерек ауылының зиратына жерленген.

Әжем Айтжамалдың айтуында, менің атамның зиратын тәуліктің қараңғы мезгілінде ара-тұра жерден көкке көтеріле жарық шығаратын белгісіне қарап киналмай табуға болатын, алайда, өкінішке орай, бұл жер ұмытылған, басында белгісі де қалмаған.

Үлкен ұлы – Мұхамедқали 1953 жылы қайтып, Омбы олбылысы Тюкала (қазақша атауы Токкала не Түккала болуы мүмкін) ауданындағы Қожа ауылының зиратына жерленген. Қабірдің орнының ерекшелігі сол, басына егілген қайыңның жапырақтары жанарған көктесіндері қайта шыға бастағанға дейін түспей тұра береді.

Ел іші Ақажан қалпе атап кеткен, өзінің кіші інісі Әбілжаппардың екі баласын аяқтарынан тұрып кеткенінше бағып-қағып өсірген Ахметуәли 1962 жылы маусым айында қайтып, ағасы Мұхамедқалидың қасына жайғастырылған.

Ақажан қалпе қайтыс болғаннан кейін араб әліппесімен жазылған оның барлық кітаптары мен қолжазбалары сол 1962 жылы Омбының мешітіне тапсырылған, бұл дүниелердің одан арғы тағдыры белгісіз.

Осы жайға және қалыптасқан өмірлік жағдайға байланысты қазіргі кезде менде өзімнің ата-бабаларым жайында көзге тосып, қолға ұстатар жазбаша деректер жоқ. Бұған қолбайлау болып отырған жай сол, Омбы мешітінің мұрағаттарынан қанша қиналсам да бір ізін табарлық арабша жазылған дүниелерді қарап, ақтарыстырып шығуға бұл жағынан сауатымның жоқтығы да себеп. Бірақ қалай дегенмен де, хазіреттің көзі ашық замандастарының ортасынан шыққан, елін сүйетін өлкетанушылардың арқасында айтулы тұлғаның бейнесін барынша толық ашуға мүмкіндік беретін дерек көздері біршама жарық сәулесін түсіретіндей.

Алғашқы жазбаша деректі мен бүгінде марқұм болған, Ерейментау аудандық газетінің бұрынғы редакторы Серік Жұматовтан алған едім. Бұл өзі араб графикасымен жазылған қолжазбадан қазіргі жазбамызға ауыстырылып қайта көшірілген осы тақырыптағы газеттік мақалалардың жинақталған

түрі.

Екінші жазбаша дерек – Мағжан Жолдасов ақсақалда сақталған қолжазбалар, олар оған қайтыс болған атасы Нығымет молладан өзіне мұра ретінде қалған. Үшінші жазбаша дерек – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Ғылыми кеңесінің ұйғарымы бойынша 2015 жылы екі – қазақ және ағылшын тілдерінде, Сәдуақас Ғылмани (Сәкен қалпе) қолжазбасы негізінде екінші басылымымен «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары.» атауымен жарық көрген кітабы.

Осы кітапта келтірілген Токан хазірет туралы әңгіменің, Сәкен Ғылманидің айтуына қарағанда, 1960 жылы біреулердің жеткізумен жазылған сияқты. Олай болатын себебі онда хазіреттің ортаншы ұлы Ақажан қалпенің 1962 жылы қайтқандығы сөз болады. Өздеріңізге мәлім, 1960-шы жылдар діни насихат «өткеннің сарқыншылығына қарсы күрес» деп ұрандатылған атеизмдік идеологияның бел алып тұрған тұсында қатаң қыспақта еді. Ол кездегі қандай да болсын діни әрекет қыспаққа түсіп, қуғындалып жатқанда оларды қайта жаңғырту былай тұрсын, қай халықтың да діни қасиетті орындары жайлы сөз етудің өзіне тиым салынған. Сондықтан Сәкен Ғылманидің осы бағыттағы еңбектерін рухани салада қоғамдағы айрықша орындарының қадірін білетін өз халқының келер ұрпағына аманат еткен, иілсе де сынбаған, рухы жасымаған адамның іс-әрекеті деп бағаласақ абзал. Бірақ осы арада оқырмандар мынаны да ескергені

жөн: Ғылманидің іс-әрекеттері жоғарыда аталған жүйенің қыспағында тұсалды.

Сәкен қалпенің жазарын өндірте жазарына 1960 жылдардағы жүйенің қатал қыспағы салқынын тигізгендігін мына мысалдан да аңғаруға болады. Қалпе Мәшһүр-Жүсіп Көпеев туралы өзінің әңгімесінде жалпыға мәлім бір жайды мүлде қозғамайды. Өздеріңізге мәлім, идеологиялық тұрғыдан Мәскеу жақтың нұсқауымен осы бір ерекше тұлғаның тәнінің нақтылы жерленуі ол қайтқаннан кейін арада 20 жыл өткенде болған жай. Осы 20 жыл бойына Мәшһүрдің тәні, өлген адамның қайтыс болар алдындағы өсиетіне сәйкес, мұсылмандық салт-дәстүрге байланысты жыл сайын аруланып, ақыретке оралып қайтадан зираттағы орнына жатқызылған. Қайтыс боларының алдында Мәшһүрдің өзі алдын ала айтқанындай, оның тәні іріп-шірімей, бұзылмаған күйінде сақталған, тек тірі кезінде марқұмның әлдеқалай басқа біреуге тиіп кеткен аяғының бақайы ғана қарайған.

Жоғарыда келтірілген мысалдан мынандай қорытынды жасауға болады: жеке басына нақтылы қауіп төндіретін жайлардан сақтану үшін Ғылмани тіпті өзінің сөз етіп отырған кейіпкеріне тікелей қатысы бар көпшілікке белгілі жайларды ашып айтудан сырт айналуға тырысады. Сондықтан осы кітапта келтірілген хазрет туралы әңгіме албырт жастағы шәкірттің айтқаны, арада жарты ғасыр өткендегі естелігі емес, керісінше өзінің халқының

басынан кешкен ауырпалықтар мен зобалаңдарды бірге көрген адамның әңгімесі. Бұл өз халқының жарқын болашағына үмітті сенімі өшпеген адамның ағынан ақтарылған іштегі сыры. Себебі рухани жан дүниесінің тазалығын талап ететін мұндай істі ол қолға да алмас еді.

Төртінші дерек көздері – көпшілігі бүгінгі күнге жетпей өмірден озған біздің тұрғыластарымыздың жазбаша және ауызша естеліктері, сондай-ақ қазіргі кездегі электронды ақпараттарда сақталған соңғы жылдардағы материалдар.

Сөз ретінде, осы тақырыпқа катысты оқырмандарға өзімнің байқағандарым мен пайымдауларымды да ескерте кеткім келеді: хазіреттің кейбір замандастарының жазып қалдырылған естеліктерінде қарапайым халық арасында күнделікті тіршілік ауанында кездесіп қалатын намысқа тиер қатты айтылған сөздер де кездесіп қалады. Ал халқымыздың ұстанымында мұндай келеңсіз сөздердің көпшілік ортасында, әсіресе діни сауаты мол ғұламалар мен билік өкілдері бас құрап отырған жиында айтылмайтындығы бесінеден белгілі жай. Олай болса, есімі көпшілікке әйгілі, ағартушы, парасатылығы мен адамгершілігі жоғары Сәкен Ғылмани (Сәкен қалпе) сияқты тұлғаның өзінің сөздері мен жазбаларында орынсыз жанға тиетін ауыр сөздерді қолданды деуі тіпті ақылға сыймайды.

Менің атам Ақажан қалпе қаншалықты тік мінезді болғанымен, оның жанға батырып айтатын сөзі

«надан» дегеннен аспайтын, бірақ «жынды», «ақылың жоқ екен» деген сөздерді ауызға да алмайтын. Оның адамға қайырымдылығы, парасаттылығымен кімге де болсын қолүшін беруге даяр тұратындығы ерекше-тұғын. Осы арада оның өміріне қатысты бір жайды айта кетсем деймін.

Ерден есімді машина жүргізетін көршісі жүк автомобилімен мас күйінде оның төрт жасар ұлы Рахметолланың қайғылы қаза табуына кінәлі болғанымен, ол оған кешірім жасады, отбасының ойраны шығудан, ал оның өзін түрмеге қамалудан сақтады.

Иә, айтары жоқ, саналарында хазрет туралы жақсы сөз, жақсы лепес қалдырған адамдар шын мәнінде оның бейнесін қасиет қонған тұлғаларының қатарына қосқандығы деп бағалаған абзал. Сондықтан өз басым кейбір жазбаша деректерде кездесіп қалатын көңілге кірбің түсіретін айтылған сөз, байламсыз тұжырымдарды солдарды жазған адамдардың жеткен өресі мен шамасы деп бағалаймын. Алайда осы қолжазбалар қандай жағдайда, қандай әрекетпен жазылса да, олардың авторлары қоғамның игілігіне еткен еңбектері, келешек ұрпаққа қалдырған сөздері үшін біздердің тарапымыздан құрметтелуі тиіс. Өйткені ол Абай Құнанбаев айтқандай «заман заманды илеген, заман адамды билеген» уақыттар екенін естен шығармайық.

Осы себептен де, жоғарыда айтылған жайларды ескере отырып, өз басым қолдағы бар жазбаша